

2010 жылы Текелі қаласы бойынша ақылы қоғамдық жұмыстарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 23 желтоқсандағы N 391 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Текелі қаласының Әділет басқармасында 2010 жылы 26 қаңтарда N 2-3-72 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 10 желтоқсандағы N 294 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2010.12.10 N 294 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5-тармақшасына және 20-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылдың 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес заңды тұлғалардың ұсынысын қарастырып, сұраныстарын ескеріп Текелі қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. 2010 жылға қаланың ұйымдары мен кәсіпорындарында ақылы қоғамдық жұмыстарын ұйымдастыру (қосымша).

2. "Текелі қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы жұмыссыздықтың деңгейін төмендету мақсатында қалада қолданылып отырған шаралар туралы халықты хабардар етсін.

3. Текелі қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 780 "2009 жылы Текелі қаласы бойынша ақылы қоғамдық жұмыстарын ұйымдастыру туралы", Текелі қаласының Әділет басқармасында 2009 жылдың 04 ақпанындағы 2-3-57 нөмірімен нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген, 2009 жылы 27 ақпанында "Текелийский рабочий" газетінің N 9 санында жарияланған қаулының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды әкімнің орынбасарлары Гүлмира Баяхметқызы Маупашеваға, Геннадий Иванович Савиновқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Текелі қаласының әкімі

С. Бескемпіров

Текелі қаласы әкімдігінің
 2009 жылғы 23 желтоқсандағы
 N 391 "2010 жылғы Текелі
 қаласы бойынша ақылы
 қоғамдық жұмыстарын ұйымдастыру
 туралы" қаулысына
 қосымша

**Текелі қаласы мен Рудничный кентінің жұмыссыз азаматтар үшін
 2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі
 және ұйымдар тізбесі**

N	Ұйымдар	Қоғамдық жұмыстар түрлері	Қатысқан-дардың саны, (адам)	Жұмыс ұзақтығы, (айы)	Көлемі
1	"Текелі-Көркейту" мемлекеттік коммуналды кәсіпорны	Өңірді экологиялық сауықтыру (қаланы көгалдандыру және көркейту, қала аумағын жинау, парктік шаруашылықты сақтап және дамыту, қала бассейнін көркейту). Даңқ ескерткішін күту және қалыпты күйге келтіру	98	3	өңірді экологиялық сауықтыру, (қаланы көгалдандыру және көркейту) ағаштарды кесу, қала бассейнін көркейту - 2316000 шаршы метр
		Қала көшесін тазалау	40	3	Қала көшесін тазалау - 242857 метр
		Жерленген адамдардың зираттарын қалыпты күйге келтіру, ықшам аудандарды жинау	8	3	Ескі зираттарды қалыпты күйге келтіру - 35500 шаршы метр
		Қарттар үйінің саябақты			Аумақ тазалау – 1500 шаршы метр, аумақты көгалдандыру -

2	"Текелі қаласы қарттар мүгедектерге арналған жалпы түрдегі интернат-үйі" мемлекеттік мекемесі	көгалдандыру, көркейту және аумағын тазалау	2	3	750 метр, шөп оры - 1500 метр, стадионның аумағын тазалау - 1500 шаршы метр, жол жиегін ақтау - 750 метр
		Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және ауыл шаруашылық жұмыстарын жүргізуде маусымдық көмек көрсету, дәрілік шөптерді жинау	2	3	Көкөніс өнімдерін жию – 500 келі, көкөністерді кептіру – 350 келі, шөптерді кептіру – 50 келі, ағаштарды кесу - 250 метр, дәрілік өсімдіктерді жинау – 50 келі
3	"N 1 орта мектебі" мемлекеттік мекемесі	Стадионды көгалдандыру, көркейту және аумағын тазалау, спорттық және мәдени шаралардың ауқымды ұйымдастырылуына жағдай жасау, әртүрлі мерекелердің өткізілуіне көмек көрсету, стадионда спорт жарыстарын өткізу	2	3	Спорттық және мәдени шаралардың ауқымды ұйымдастырылуына жағдай жасауын, стадион жинау – 1500 шаршы метр, ағаштарды кесу – 250 шаршы метр, қоқыс шығару – 1300 келі, бардюрларды ағарту – 750 шаршы метр, қар тазалау – 1500 шаршы метр
		Кентті экологиялық сауықтыру (кентті көгалдандыру және көркейту, қираған объектілерді қалпына келтіру (клуб, N 22	18	3	Көгалдандыру - 5000 шаршы метр, ғимараттарының қасбетін жаңарту – 2300 шаршы метр, қираған объектілерді қалпына келтіру

4	Рудничный кентінің әкімі	бала бақша, тұрғын секторлар ғимараттарының қасбетін жаңарту)			– 10000 шаршы метр
		Су құбырларын тазалау (тазарту станциясы, арықтық жүйе)	18	3	Тазарту станциясы, арықтық жүйе – 15 шақырым,
		Ауыл шаруашылық кітабын толтыру	1	3	20 үйдің шаруашылық кітабын толтыру
		Жастармен жұмыс	1	3	200 жастармен жұмыс жүргізу
		Хат – хабар жеткізіп беру	1	3	1000 адамға қызмет көрсету
		Халыққа әлеуметтік жәрдем ақы алуға көмек	1	3	40 отбасына көмектесу
5	"Алматы облысы Ескелді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Әскерге шақыру компаниясын өткізуге қатысу (әскери міндеттілердің хабарлануын ұйымдастыру), және шақыру учаскесіне азаматтарды тіркеу	20	3	4553 әскери міндетті азаматқа хабарландыру жеткізу, 412 әскерге шақырылушыларға шақыру қағаздарын үлестіру, 412 әскерге шақырушылардың жеке істерін рәсімдеу
	"Текелі қаласының				Аурухана және емхана аумағын көгалдандыру және көріктендіру – 1000 шаршы метр, гүлдерді отырғызу және баптау – 56

6	қалалық ауруханасы" мемлекет- тік қазыналық кәсіпорыны	Аурухана және емхана аумағын көгалдандыру және көріктендіру, саябақ пен гүлбақшаны күту	6	3	шаршы метр, столбтардың түбін ағарту – 65 дана, бардюрларды ағарту – 1000 метр, газондарды қию – 220 шаршы метр, қоқыс шығару, арықтық жүйесін азарту, гүлбақшалар мен ағаштарды суғару
7	"Текелі қаласының кітап- ханасы" мемлекет- тік мекемесі	Кітап қорын жаңғырту (баспа туындыларын техникалық өңдеу, кітап қорын орналастыру).	2	3	10000 дана кітапты тіркеу фондына енгізу, 1300 дана кітапты түптеу және қалпына келтіру, баспаны техникалық өңдеуден өткізу - 1500 дана кітап баспа шығармаларына штемпель басуы - 1000 дана, баспа шығармаларын түптеуге дайындауы – 40 комплект.
8	"Алматы облысының мемлекет- тік мұрағаты" мемлекет- тік мекемесі Текелі филиалы	Мұрағаттық қорларды қалпына келтіру	6	3	6000 бетті номерлеу қайта номерлеу, 1500 орам қоймадағы істерді жылжыту, 1500 құжаттарды қалпына келтіру, жапсыру жазу белгісі – 1500 таңба, істерді картондау - 1500, шаңнан тазарту – 1500, тігу – 200.
		Аула клубтарының жұмысына көмектесу, жалғыз басты қарттарға мүгедек қарау,	2	3	Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, соғыста қайтыс болғандардың

		балалармен жұмыс жүргізу.			жесірлеріне – 6 (40), мүгедек балалармен жұмыс - 10
	"Движение Поколение" қоғамдық ұйымы	Қ и ы н жасөспірім-дер мен жұмыс жүргізу	2	3	3 0 қ и ы н жасөспірім-дер мен жұмыс жүргізу
		Спорт клубтарын дамытуға жәрдемдесу	2	3	100 мектепке дейінгі және мектептегі балалармен жұмыс жүргізу
		Нашақорлыққа, алкогольге, туберкулезге қарсы күресте көмек көрсету	2	3	1 0 0 адамға туберкулезбен қарсы күрес жұмыстарын жүргізу
		Жұмыс іздеу клубын дамытуға жәрдемдесу	3	3	978 жұмыссыз азаматтарға жұмыс іздеуге көмектесу
10	"Ақ ниет" қоғамдық ұйымының Текелі қалалық мүгедектер қоғамы	Мүгедектерге қарау және олармен жұмыс жүргізу	5	3	70 мүгедекке және өздігінен қозғала алмайтын 4 адамға көмек көрсету
		Кең көлемді мәдени шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету	2	3	200 адамға кең көлемді мәдени шараларды ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуге көмектесу
		Жастармен жұмыс жүргізу	2	3	200 жастармен жұмыс жүргізу
11	Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының Алматы облыстық филиалының Текелі	МЗТО - на зейнетақы қорларымен салыстыру жүргізуге көмек көрсету	2	3	4 0 0 0 зейнеткерлердің зейнетақы қорларымен салыстыру жүргізуге көмек көрсету
		Хат-хабарларды жеткізу	2	3	Хат-хабар жеткізіп беру жұмыстарына көмек көрсету
					887 мүгедектер, 2500 жағдайы

	қалалық бөлімшесі	Тұрмысы төмен отбасыларына және оралмандармен консультациялық жұмыстар	2	3	төмен отбасылар мен 1600 оралмандарға кеңес беру жұмыстарын жүргізу
12	"Текелі қаласының әкімінің Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Парктің айналасын жинау және көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге көмектесу	4	3	Мәдениет үйіндегі парк аймағын көгалдандыру - 1 гектар және көркейту - 1984 шаршы метр
13	"Текелі қалалық Ауғанстан және жергілікті соғыс ардагерлерінің ұйымы" қоғамдық бірлестігі	Тәрбиесі қиын жасөспірімдермен жұмыс жүргізу	1	3	20 қиын жасөспірімдермен жұмыс жүргізу
		Спорт клубтарын дамытуға жәрдемдесу	1	3	мектептегі 40 балалармен жұмыс жүргізу
		Аула клубтарының жұмысына көмектесу, жастармен жұмыс жүргізу	2	3	100 жастармен жұмыс жүргізу
	Барлығы		260		

Жергілікті бюджет қаржысынан бөлінген сомасы 11347000 (он бір миллион үш жүз қырық жеті мың) теңге, ай сайын Қазақстан Республикасының жалақының ең төменгі мөлшері төленеді, жұмыстардың нақты жағдайлары әр бір жұмыссыз азаматпен жеке еңбек шартында қарастырылады.

Қоғамдық жұмыс уақытша сипатта болады және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау болып табылады, арнайы біліктілікті қажет ететін жұмыстарға білімі сәйкес жұмысшылар жіберіледі.

*"Текелі қаласының жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы*

Е. Абдалиев

